АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

31.07.2023 № 2301-23-5-21/9794

“Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**(ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ облысы,
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ,
село Құрманғазы, Шаку Сатеков көшесі, 38)**
телф. 8(778)678-51-27

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты өндірісіне талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 271 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша 2023 жылғы 22 маусымда шығарылған шешімнің «Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттіксатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және «Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 271 (екі жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөліктерін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: атқару парағының түпнұсқасы- 1 дана;
шешім көшірмесі -2 дана.

Судья **А.Балмуханова**

Орынд.: Динжанова А. М.
тел.: 8-7122-21-57-62, 712-2464@sud.kz

2301-23-5-21/9794 31.07.2023

Құжатты жасаған: ДИНЖАНОВА А. М., 8-7122-21-57-62, 712-2464@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЛМУХАНОВА А. Р., 31.07.2023 20:43
ҚР Жоғары соты, Төрелік АЖ, ЭСК тексеру нәтижесі оң

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Атырауской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 2301-23-00-2/764-1

Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 22.06.2023 ж. талап қоюшы

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(талапкерлердің Т.А.Ә)

"Центр Профессиональных Услуг "Медина"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: «Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 271 (екі жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 31.07.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысы талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Атырау облысының мамандандыр ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адам азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезі орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс х жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатыл жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайта немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), о тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші за түлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрі мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БСН: 990540002216

Тіркеу мерзімі:14.04.2017

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: ҚР қаржы Министрлігінің қазынашылық Комитеті ММ , KZ63070102KSN1501000

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ, село Құрманғазы, Шаку Сатеков көшесі 38

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ, село Құрманғазы, Шаку Сатеков көшесі 38

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды түлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: "Центр Профессиональных Услуг "Медина"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 230140008739

Тіркеу мерзімі:10.01.2023

Меншік нысаны: Жеке меншік

Банк реквизиттері: "Банк "Bank RBK" АҚ

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ШЫМКЕНТ, ШЫМКЕНТ, Енбекшинский район, микрорайон 17 дом 15

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Торелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ШЫМКЕНТ, ШЫМКЕНТ, Енбекшинский район, микрорайон 17 дом 15

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы — Балмуханова Арайлы Рыскалиевна

Аудандық және оларға теңестірілген сот Әкімшісінің сот отырысының бас маманы – хатшысы — Динжанова Алмагуль Мухиденовна

Шығарылу күні 31.07.2023 жыл

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Торелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

« 3 » бетте тігілді,
« 2 » парақта нөмірленді.
Судья А.Р.Балмуханова

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 маусым №2301-23-00-2/764 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 271 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Г.С.Жамболатова
Прокурор М.Кыстаубаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 03 ақпандағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №7 келісім-шарт 2023 жылғы 10 ақпанда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға аймақты, ғимараттарды, құрылыс пен ұқсас объектілерді улы химикаттармен өңдеу бойынша қызметтерді 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ай сайын көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 135 555 теңге, орындау мерзімі – келісім заңды күшіне енгеннен кейін, яғни 2023 жылғы 10 ақпаннан бастап жылдың 31 желтоқсанына дейін ай сайын болып белгіленген.

Талап қоюшымен 2023 жылғы 10 наурызда жауапкерге веб-п арқылы шартты бұзу жөнінде ниеті көрсетілген хабарлама жолданған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талап орындалмағанын, жауапкер ақпан айының аяғына қарай келіп, жо нашар болуына байланысты ай сайын Шымкент қаласынан келіп қы көрсете алмайтынын айтып, міндеттемені орындаудан бас тартқа көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы тануды, ақпан – наурыз айларына есептелген тұрақсыздық айыбы теңгені өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі Г.С.Жамболатова талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарлан жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөні сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе о отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасын Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлім басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор М.Кыстаубаева берген қорытындысында талаптың толықтай қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талаппен жүгінуіне негіз болған.

Құжатқа қол қойылған: Ғалымханова А. Р., 29.06.2023
2301-23-3-1/856

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызметті жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған заң талабына сәйкес міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен 2023 жылғы 06 сәуірде жүгінген.

2023 жылғы 10 ақпанда веб-портал арқылы келісім шартқа қол қойылған. Демек, жауапкер міндеттемесін 2023 жылғы 10 ақпаннан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ай сайын орындауға міндетті болған.

Алайда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы, тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 271 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 271 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2538 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.05.2023
ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСК тексеру нәтижесі оң
2301-23-3-1/856

АПК-нің 223-226,229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 271 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Д.Нұрпейсова атындағы балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 271 (екі жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Центр профессиональных услуг «Медина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2538 (екі мың бес жүз отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты [illegible] облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

«[illegible] бетте тігілді, [illegible] парақта нөмірленді.
Судья А.Р.Балмуханова

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 31 шілде күні енді.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 29.06.2023

2301-23-3-1/856